

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Білім беруді дамыту» орталығы және Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу - әдістемелік орталығы арасындағы
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ ШАРТ
(МЕМОРАНДУМ)

Орал қаласы

2021 жылғы "20" мамыр

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын бір жағынан Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Білім беруді дамыту» орталығының директоры Кубашева Гульмира Камаловна және екінші жағынан Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры Абдикерова Бакиткул Химальдиновна өзара әріптестік және серіктестік қарым-қатынастарды дамытуға ынтымақтастықты нығайтуға ниет білдіре отырып, төмендегідей талаптары бойынша Меморандумды жасасты.

1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

1.1. Осы Меморандум аясында Тараптар техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы шеберлік пен шығармашылықты арттыруды, кәсіби білім беру ұйымдары жүргізетін іс-шараларды қолдаудағы ынтымақтастық нығайтуға, ілгерілетуге, білім беру саласындағы жобаларды бірлесе жүзеге асыруға және озық іс-тәжірибелерімен облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде бөлісу мақсатында ынтымақтастық қарым-қатынас жасайды.

1.2. Осы Меморандумда көрсетілген шараларды орындау үшін Тараптар өзара жұмыс жоспарын құрып, бекітеді.

1.3. Осы Меморандумды жүзеге асыру барысында Тараптар ашықтық және жариялылық принциптерін басшылыққа алады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында әрекет етеді.

1.4. Тараптармен ұйымдастырылатын іс-шаралар тегін негізде өткізіледі.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

2.1. Осы Меморандумды жүзеге асыру үшін Тараптар келесі бағыттарда өзара әрекет етеді (офлайн/онлайн):

- инженер-педагогтардың озық педагогикалық тәжірибесін жариялау мақсатында халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-тәжірибелік

конференциялар, семинарлар, дөнгелек үстелдер, кәсіби шеберлік байқаулар өткізу;

- оқу-әдістемелік материалдарымен алмасу;
- кәсіптік білім беру бағыттары бойынша дарынды студенттердің талантын дамыту мақсатында біріккен байқаулар мен олимпиадалар және басқа да зияткерлік сайыстарды ұйымдастыру;

- студенттерге арналған шығармашылық орталықтардың жұмысын ортақ бағдарлама арқылы ұйымдастыру және оқу орындарының өзін-өзі басқару ұйымдарының озық тәжірибелерін тарату;

- кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру;

- «WORDSKILLS KAZAKHSTAN» чемпионатын Өңірлік деңгейде өткізудегі, оқытушылар мен студенттердің өзара білім, білік, дағдыларын дамыту бағыттарындағы іс-тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізу.

2.2. Егер осы Меморандум бойынша қарастырылған шараларды ұйымдастыру және өткізу кезінде үшінші тараптарды тартуға тура келсе, Тараптар оларды өзара келісе отырып тартуға құқылы.

2.3. Осы Меморандум бойынша қарастырылған шараларды ұйымдастыру және өткізу кезінде туындаған және туындауы мүмкін мәселелер бойынша Тараптар өзара келісе отырып, шешімін табады.

2.4. Осы Меморандумды жүзеге асыру барысында Тараптар өздерінің логотиптерін бірлесе пайдалануға құқылы.

2.5. Осы Меморандумды жүзеге асыру барысын қадағалап, оған тиісті талдау және бағасын беру мақсатында Тараптар өзара кеңестер өткізуге, жұмыс барысын әрі қарай жетілдіру үшін ұсыныстар әзірлеуге және оларды жүзеге асыруға құқылы.

2.6. Осы Меморандумдағы көрсетілген шараларды жүзеге асыру үшін Тараптар өздерінің жауапты тұлғаларын белгілейді және осы аталған жауапты тұлғалар өзара ынтымақтастықты іске асыру үшін жауапты болады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.1. Осы Меморандумды іске асыру барысында Тараптар ешкімнің құқықтары мен заңды мүдделеріне қайшы келетіндей әрекет етпеуіне кепілдік береді.

3.2. Кез-келген құқықбұзушылық әрекеттері үшін тараптар үшінші тарап алдында өзі жауап береді.

3.3. Әрбір тараптың жеке міндеттемелері үшін екінші тарап жауап бермейді.

4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Осы Меморандумға кез-келген өзгерістер мен толықтырулар тек жазбаша түрде жасалып, тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойылған күннен бастап заңды күшіне енеді.

4.2. Қол қойылған меморандум Тараптар оның әрекет етуін тоқтату туралы бір-біріне хабар бергенге дейін заңды күшін сақтайды.

4.3. Осы Меморандум мемлекеттік тілде екі дана жасалды.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ МЕН МӨРЛЕРІ

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Білім беруді дамыту» орталығы

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы

Директор _____ Г.К.Кубашева



Директор _____ Б.Х.Абдикерова

